ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ – ДОМБЫРА

Еліміздің бас ұстазы екі миллионға жуық шәкіртімен бірге халық күйлерін орындады

Ұлыстың ұлы күні – Әз-Наурыз мерекесіне орай Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен елімізгі барлық білім ошақтарында «Күй күмбірі» республикалық челленджі өтті. Оған балабақша бүлдіршіндерінен бастап, мектеп оқушылары мен студенттерге дейін барлығы 2 миллионға жуық бала қатысты. Жас өнерпаздар бір мезетте белгілі композиторлар мен халық күйлерін орындады.

Кең ауқымды республикалық шара Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен алғаш рет былтыр Наурыз мерекесі қарсаңында өткізілген болатын. Содан бері

ОТАНСЫЗ ЖЕТІМ, ДІНСІЗ БАҚЫТСЫЗСЫҢ

Отан мен дінді не үшін жақсы көруіміз керек? Алла Тағала дәл осы ұлан-асыр жерді біздің, ата-анамыздың, бабаларымыздың туған жері етіп тағдырымызда белгілегені үшін. Біз тумай тұрып, бұлардың бірін де таңдамадық. Құдай тағдырға жазды, өмірге келдік, көзді аштық, көргеніміз осы жер, осы ел, осы ата-ана. Ал, мұны қабылдамаймын десек те, барар жері мен сүйген жарың, бала-шаға танысымен, бауырыңа басып, қазағым дейтін басқа бір Қазақстан табылмайды, іздесе де таппайды. Ендіктен, бұл Раббымыздың қалауы.

➘ 5

КЕЛЕШЕК ҮШІН БӘРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ!

Qazaqstan dauiri

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Газет 1992 жылдың 17 қаңтарынан шыға бастады ★★★ № 12 (1490) 28 НАУРЫЗ 2024 ҰЛУ ЖЫЛЫ qazdauiri.kz ★★★★ Бөлшек саудадағы бағасы келісімді

елімізде домбыра үйірмелерінің саны 5 есе артқан. Бүгінгі таңда барлығы 2 мың үйірме жұмыс істейді. Оған 100 мыңнан астам оқушы қатысады. Биылғы акцияға сол жас домбырашылар бір кісідей атсалысты.

– Көнеден келе жатқан бұл ұлттық аспабымыз халқымыздың жанын, оның дәстүрі мен мәдениетін әспеттейді. Ұлттың рухын көтеріп, даңқын асқақтатқан қара домбыра біздің баға жетпес байлығымыз бен ұлттық символымызға айналды. Балабақшалардағы кішкентай бүлдіршіндер, оқушыларымыз, колледж студенттері ұлттық аспапта ойнауға қызығушылық танытатыны қуантады. Бүгінде еліміздің әр өңірінде бір мезетте белгілі композиторлардың күйлері мен шығармалары орындалды. Дәулескер күйшілеріміздің өшпес туындылары арқылы біздің мәдени құндылықтарымыз ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Біздің жас буын осы киелі өнерді ұлықтауды лайықты түрде жалғастырады деп сенемін, – деді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Астанадағы Райымбек батыр атындағы №50 «Қазарқан» мектеп-лицейі оқушыларының қатарына қосылған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев осы білім ордасының 300 оқушысымен бірге халық күйі – «Көпшекті» орындады.

➘ 10

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың назарына!

БІЗ КАЛЕЛОВАНЫҢ ҚҰЛЫ ЕМЕСПІЗ!

Ауыл – алтын бесік. Өткен жылы елімізде Ауыл жылы болып жарияланған болатын. Мемлекет басшысы «Мен ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырдым. Бұл – менің жаңа президенттік өкілеттігім басталғаннан кейінгі алғашқы Жарлығым. Келесі жыл ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға және тұрмыс сапасын жақсартуға арналады. Тұжырымдаманы әзірлеуге мамандарды, шаруаларды және жергілікті қоғам белсенділерін тарту қажет. Ауылды өркендетудің мүлдем тың тәсілдері керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Иә, жаңа әрі әділетті Қазақстанға жаңаша ауыл ауадай қажет.

➘ 7

Кемертоған ауылы тұрғындарының ҮНДЕУІ

1. Жарық мәселесі

Біздің ауылды электрмен жабдықтау шамамен 2012 жылдан бастап жеке тұлғаларда болды, олар өтініш негізінде; серіктестіктер және ЖК кез келген құжаттарсыз рұқсат береді, техникалық шарттар трансформаторларды біреулері тұрғындардың есебінен, біреулері өз есебінен жеткізіп, тұтынушыларға жоғары бағамен сатады (баға әр КВт үшін әр «қожайында» әртүрлі болады, 28 теңгеден 43 теңгеге дейін) тұтынушылармен келісімшарттарсыз, төлем туралы түбіртектерсіз, трансформаторлар орнатылған жерге мемлекеттік актілерсіз және т. б. Жарық үшін «құтырған» сомаларды қойып тастайды. Кейбір тұрғындардан қызмет көрсету үшін 2000 теңгеден алынды. Жарықтың жиі өшірілу себебінен көптеген адамдардың несиеге сатып алған электр құрылғылары мен пештері талай мәрте бұзылды. Ауыл тұрғындары электр энергиясының бітпейтін мәселелері шешілер деп үміттенеді.

2. Ауызсу мәселесі.

Судың жағдайы да электр жарығы сияқты жеке кәсіпкерлердің қолында. Себебі су құбырына ақшаны 170 000 теңгеден жинап алып, техникалық суды беріп, тарифті заңсыз өз ойынша қойып, кубына 130-150 теңгеден беріп отыр. №17 квартал тұрғындары өз қалтасынан әр үй 3000 теңгеден шығарып, Ұлттық сараптама орталығына беріп тексертті, нәтижелері қолдарында тұр. Ал жеке кәсіпкерлердің су құбырын жүргізуге рұқсат құжаттары, актілері жоқ. Тіпті қанша метр тереңдікте қазылғанын да ешкім білмейді.

3. Меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері

Кемертоған мәселесін депутаттарға да жеткізген болатынбыз. Бірқатар мәжілісмендер халықпен кездескен де болған. Алматы облысының әкімдігіне дейін жеткізіп, шағылын тигізген болатын. Әлі де болса Мәжілістегі барлық партиямен депутаттарға құлаққағыс: «заң құран емес», осы жекеменшік иелері мен жер пайдаланушылар жайлы заңды қайта қарастыру керек сияқты. Заң өзгермей, ештеңе өзгермейді. Бүгінде мұндай заң ауадай қажет. Өйткені бұл жағдай Кемертоғанда ғана емес, елімізде бұндай жекеменшік ауылдардың қатары көп.

НАУРЫЗҒА ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰРМЕТІ МЕН ҚОШЕМЕТІ 3

ҚАЗАҚСТАН – УЗУРПАЦИЯЛАНҒАН МЕМЛЕКЕТ 4

ҚАТАРЛАСТАРЫНАН ОЗҒАН ҚАТАР 6

«QAZTRADE»-ТЫ БІЛЕСІЗ БЕ? 8

АЛА ТАЯҚ 11

ҚАЗАҚ СПОРТЫНА ТҮБЕГЕЙЛІ РЕФОРМА КЕРЕК 12

Абайла, жанында «тірі өліктер» жүр…

Жемқорлар халықтың қазынасын, байлығын жеу үшін небір қитұрқы әдіс-тәсілдерді қолданады. Олардың құрық бойламайтын жымысқылығына, қулығына, сұмырайлығына, залымдығына таңғаласың. Оларды, әрине, сіз менен гөрі жақсы білесіз. Бірақ мына сұмдық әдіс-тәсілді біреу білсе, біреу білмейді ғой деп ойлаймын.

Алдымен соларға ұқсас Ақтөбеде болған мына оқиғаны айта кеткім келеді. Бір көпбалалы ананы (атын айтпай-ақ қояйын), Халыққа қызмет көрсету орталығы болу керек, осыдан екі жылдай бұрын өлгендердің тізіміне қосып жіберіпті. Ол байғұс ана мемлекеттік орындарға барып шаруасын бітірейін десе, бұған үрейлене қарайтын болыпты. Өйткені ол өлгендердің қара тізімінде ғой. Әрине, анасы «өлген» балалардың ай сайынғы төлемдері де кілт тоқтаған. Жылап-сықтаған ана қайта «тірілейін» десе, қай жерге барса да тосқауылға ұшырайды. «Ана құжатты әкел, мына құжатты әкел» деп әбден мықасын шығарады. Сол келіншек небір табалдырықтарды тоздырып әлі жүр. Оны «өлтіргендер» кім? Бұл масқара оқиғаны қазір Қазақстан түгілі бүкіл әлем біледі. Өңірдегі, қаладағы заң орындары, шенеуніктер қайда қарап отыр? Ең бастысы айдың-күннің аманында оны «өлтіру» кім үшін керек болған, не үшін? Әлде бұның сыртында біреулер әйелдің атын пайдаланып бір нәрсе істеп жүр ме? Әйтпесе жер басып жүрген Қазақстанның азаматшасын қайта тірілтуге тиісті орындар неге асықпайды?

Түсініксіз… Иә, біздің елімізде мұндай түсініксіз жайлар жетіп артылады. Жемқорлар, жегіштердің ішінде адамды «тірілтетін» «құдайлар да» бар. Мәселен бір адамдар өлеңі, оны қайта «тірілтіп» айлық алатын тізімге кіргізіп қояды. Сөйтіп-ақ ай сайын әлгі адам тірілткізіп қожайын «өлі» қызметкерінің айлығын қақшып алып қалтасына басады. Міне, қандай айла! Өзі «құдай» болған соң, олар Құдайдан да қорықпайды, осылай бір құлқыны үшін қылмысқа да, басқа өрескел адам шаңғысыз жайларға да бара береді.

Біздің тағы да бір түсінбейтін нәрсеміз бар. Адам «тірілткіштер» мен «өлтіргіштер» топ-тобымен ұсталып, сотталып жатыр. Бірақ олар түрмеден қорықпайды. Қорыққаны да, жемқорлар елімізде көбейген үстіне көбейіп барады. Неге? Осы сұрағымызға кім жауап берер екен? Біздің бір күдігіміз бар. Жемқорларда не көп, ақша көп. Біле, өздеріңіз білесіздер, бәрі ақшаға сатылады. Түрменің бастығы да, сотта, бәрі де (әлбетте, араларында бірен-саран адал азаматтар болуы да мүмкін) сатылады. Арғы жағы айтпаса да түсінікті. Сонымен байқадыңыздар. Арамызда осындай «адам тірілтетіндер» бар. Олар бар болған соң, кеше бұл фәниден өткендердің ішінде «тірі өліктер де» жүреді емес пе? Жүргенде қандай! Сондықтан ол «өліктер» айлық алып жүрсе, таңданбай-ақ қойыңыз. Мұндай жемқорларға тосқауыл қоймай, Әділетті Қазақстан ешқашан орнамас. Ал сіз бұған не дейсіз?



ЕРТАЙ АЙҒАЛИ

«QazTrade»-ты БІЛЕСІЗ БЕ?

Еліміздің экономикалық саясатын дамыту және стратегиялық бағытын жоспарлау шаралары жыл сайын жаңаланып, кемелденіп келе жатыр. Бір кездері Қазақстанның шетелдерге тауар экспорттаушылары мемлекетке баж салығын төлеген болса, қазір бұл белгілеме тарих қойнауына еніп кетті. Есесіне экспорттаушылардың шығындарын мемлекет есебінен өндіру мәселесі жолға қойылып жатыр. Бұл өз кезегінде қазақстандық тауарларды шетел нарығына көптеп шығаруды, сол арқылы отандық өндірісті дамытуды көздейтіні түсінікті болса керек.

САЯСАТ ТҮЗЕЛДІ. КӘСІПКЕР, СЕН ДЕ ТҮЗЕЛ!

ҚР Үкіметінің 2017 жылы қабылдаған «Ұлттық экспорттық стратегия» бағдарламасын бекіту туралы қаулысына сай, алға қойған мақсаттарын белгілі деңгейде орындай алды деуге болады. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – «Шикізаттық емес экспорт көлемін 2022 жылға қарай 1,5 есе ұлғайту үшін жағдай жасау, сондай-ақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу және экспорттау нарықтарын әртараптандыру» делінген еді. Осындай стратегиялық жоспарлардың арқасында 2023 жылы Қазақ елінде өндірілген өнімдер әлемнің 106 еліне жеткізілді. Осы орайда қаржы көлемінің жыл сайын артып келе жатқандығын ерекше атап өткен жөн. Сондай-ақ жасалып жатқан келісімдер мен өнімдерін экспорттауға өтініш білдіруші отандық компаниялар да жыл сайын көбейіп келе жатыр. 2022 жылғы есеп бойынша өңделген өнімдердің экспорты мөлшермен 26,5 млрд АҚШ долларын құраған. Сауда және интеграция министрлігі таратқан мәліметтерге сенсек, аталмыш мекеме өңделген өнімдердің экспорт мөлшерін 2025 жылға қарай 41 млрд долларға жеткізуді жоспарлап отыр екен. Бұл жерде мемлекеттің қолдауы, стратегиялық жоспарлары шикізаттық емес өнімдерді сыртқы нарықтарға саудалауға, тауар позицияларының санын кеңейту арқылы экспорттың өсуін арттыруға бағытталып отырғандығы белгілі. Яғни Ұлттық экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау шаралары жылдан-жылға кемелденіп келе жатқандығы қуантады.

Сауда және интеграция министрлігінің деректерінде қазақстандық өнімдердің экспорты мыс және мыс катодтары, феррокорытпалар, уран, мұнай өнімдері, қоспасыз болаттан жасалған жалпақ қаңылтыр, күміс, ауылшаруашылығы өнімдері, минералды тыңайтқыштар, бидай немесе бидай мен қара бидай ұны, мырыш, табиғи газ, жеңіл автокөліктер, сутегі, инертті газдар және басқалар сынды бірнеше түрді құраған. Бұл жерде әлі де болса табиғи байлықтарымыз бен Жер-Ананың ырысы мемлекет қазынасына құт әкеліп отырғандығын байқауға болады.

«Мың шақырымдық ұзақ жол бірінші қадамнан басталады» демекші, біздің ел енді біртіндеп дайын өнімдерді өзімізде өндіруге, сондай-ақ шикізаттық емес өнімдерді шетел нарықтарына шығаруды жүйелі түрде қолға алып жатыр. Бұл тұрғыда мемлекеттік қолдаулардың аясы жыл сайын кеңейіп келеді. Мәселен бір кәсіпкер өзінің зауытында жасалған дайын өнімді шетелге шығаруды жоспарлаған болса, оның алдағы жұмыстарды қалай жалғастыруы керек екендігі жайлы толық ақпарат беруді мемлекет мойнына алған. Осыған жалғас кәсіпкердің шығындарының белгілі бір бөлегін мемлекет көтеру жағы да жақсы жолға қойылып келеді. Бұл туралы Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаевтің БАҚ алдында жасаған бір баяндамасында егжей-тегжейлі айтылғаны есімізде.

«Біз отандық экспорттаушыларға жаңа мүмкіндіктер ашу бойынша жүйелі жұмысты жалғастырамыз. 2020 жылдан бастап қолданыстағы құрылымдарды оңтайландыру жұмысын жүргіздік. Осылайша, экспорттаушыларға қолдау шаралары көрсетілді. Бұл экспорттаушылардың да, уақыттың да сұранысы болды. Нәтижесінде экспортты қолдау институттарының саны екі есе қысқарды. Қазір олар – KazakhExport қаржылық шаралар операторы және QazTrade қаржылық емес шаралар операторы болып табылады.

Біздің негізгі шараларымызға оралсақ, әрбір шара салынған бюджет ақшасын қайтару арқылы нәтиже көрсетеді. Мәселен, акселерация бағдарламасы бойынша қайтарым 158 теңгені құрады. Маркетплейстерге шығару бойынша салынған әрбір бюджеттік теңге үшін 213 теңге қайтарылды. Сервистік шаралар бойынша – 652 теңге. Акселерация бағдарламасы – біздің флагмандық бағдарламаларымыздың бірі. Бағдарлама шикізаттық емес бизнесті халықаралық нарықтарға тиімді шығаруды қамтамасыз етеді. Бұл бағдарлама халықаралық серіктеспен бірлестікте жүзеге асырылмақ. Ол кәсіпорынды диагностикалауға және өнімнің нысаналы нарықтарға шығуға дайындығын бағалауға қолдау көрсетеді. Бұл компаниялардың бизнес-процестерін және өнімін жақсартуға арналған нақты Жол карталары. Оған кем дегенде үш халықаралық сарапшы қатысады. Бұл – нысаналы нарықтарда серіктестер іздеу және олармен B2B нүктелік келіссөздер ұйымдастыру. Біз үшін басты нәтиже – жалпы ел бойынша кәсіпорындардың экспорттық әзірлігінің көрсеткіштерін жақсарту.

Сауда және интеграция министрлігі шағын және орта бизнес үшін электрондық коммерция нарығына қолжетімділікті жеңілдету мақсатында ынтымақтастыққа және бірлескен жұмысқа дайын. Біз олардың мол тәжірибесін пайдалана отырып, өз күш-жігерімізді қазақстандық кәсіпорындарды цифрлық нарыққа шығаруға бағыттаймыз.

Экспорттаушыларды қаржылық емес қолдау құралдарының бірі – отандық экспорттаушыларды Alibaba.com электрондық платформасына шығару. Жалпы 2020-2022 жылдары Alibaba платформасында 220 компания орналастырылды. Платформада орналасқан компаниялар үшін шағын сайттар құрылады. Платформада жұмыс істеу және тауар сату үшін вебинарлар өткізіледі. Сонымен қатар 2023 жылы наурыз айында Астанада ресейлік Ozon компаниясының фулфилмент-орталығының құрылысы аяқталды.

Логистикалық хаб қазақстандық кәсіпкерлерге онлайн-бизнесті масштабтауға, бірінші кезекте **интернет-тапсырыстарды орындауға, тауарларды тұтынушыларға жеткізу мерзімдерін қысқартуға және өңірде 2 000-нан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.**

Деректерге сәйкес бүгінгі таңда алаңда 15 000-ға жуық қазақстандық сатушы тіркелген», – деген еді Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаев. Біз шағын мақаламызда мемлекеттік қолдаулар мен стратегиялық жоспарларды жолға қойып отырған ресми мекеменің жауапты тұлғасының сөзін өзгертпей беруді жөн көрдік.

«QazTrade» САУДА САЯСАТЫН ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫ

Жоғарыда вице-министр айрықша атап өткен «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы қазіргі күні кәсіпкерлер үшін маңызды ұйым. Бұл ұйым алғаш рет 2006 жылы Үкіметтің қаулысы бойынша құрылған. 2019 жылы «QazTrade» Сауда саясатын дамыту орталығы акционерлік қоғамына өзгертілген. Ол ең маңыздысы экспорт бойынша шығындарды өтейтін Бірыңғай оператор, сондай-ақ Қазақстандағы сауда индустриясының негізгі аналитикалық орталығы болып табылады.

Мұнда Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қызметін істейді. Сыртқы сауда және интеграция бағытында отандық экспорттаушыларға қолдау көрсету. Сауда және интеграция министрлігіне ішкі сауданы дамыту бойынша сараптамалық-талдамалық қолдау көрсету. Экспорттаушыларға аналитикалық және консалтингтік қолдау. Мұнда қазіргі әлемдік тенденцияларды талдау, жаһандық сигналдарға уақытылы жауап беру Қазақстанның мақсатты экспорттық портфелін анықтау, Өндірушілердің проблемаларын анықтау және экспорттық экожүйені жақсарту бойынша ұсыныстар қалыптастыру Сыртқы нарықтарға шығатын компанияларға кеңес беру қызметтерін ұсыну қатарлы бірнеше мазмұнда қарастырылған.

Жалпы «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы Ұлттық экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау жағында өте жақсы жұмыс істеп жатқан ұйым болып табылады. Дәл қазір «QazTrade» АҚ Сауда және интеграция министрлігінің қолдауымен 2024 жылғы 1-31 наурыз аралығында «Экспорттық акселерация – 2024» және Alibaba.com халықаралық сауда платформасына отандық компанияларды шығару бойынша бағдарламаларына қатысу үшін іріктеу жүргізіп жатыр.

«Биыл экспорттық акселерацияға қатысу үшін машина жасау, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсібі сияқты салалардың, сондай-ақ қызмет көрсетушілердің 120 кәсіпорны іріктелетін болады. Бағдарламаның негізгі міндеті – мемлекеттік қолдаудың кешенді шараларының көмегімен қазақстандық компаниялардың экспорттық әлеуетін арттыру. Жоба шағын және орта бизнестің шикізаттық емес бағыттағы перспективалы кәсіпорындарына бағытталған», – деп хабарлады «qaztrade.org.kz» сайты.

PS: Қазіргі таңда Ұлттық экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау шаралары жыл сайын жетілдіріліп келе жатыр. Мұның түпкі мақсаты Қазақстанда жасалған дайын өнімдерді халықаралық нарыққа шығару, сол арқылы орта-шағын бизнесті дамытып, өндірісті өркендету екендігі белгілі. Бізде әзірше экспортқа бағытталған өнімдердің түрлері тым көп емес. Дегенмен мемлекеттің осындай қолдаулары жалғаса беретін болса, «Made in Kazakhstan» деген таңбасы бар бұйымдар жер бетіне жайылатын күн де алыс емес шығар деп ойлаймыз.

ЕРҚАЗЫ СЕЙТҚАЛИ

Магистранттардың зерттеу құзыреттілігін қалай арттырамыз?

Магистранттардың ғылыми-зерттеу тәжірибесі оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады, оның мақсаты – негізгі құзыреттерді бекіту, оқытылатын мамандық бойынша тәжірибелік дағдылар мен кәсіби қызмет тәжірибесін игеру. Осыған байланысты магистранттардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отырады.

Қазақ ұлттық университетінің География және табиғатты пайдалану факультетінің 7М11202 - Өнеркәсіптегі кешенді қауіпсіздік менеджменті мен аудиті мамандығының 2-курс магистранттары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институтына тағылымдамадан өтуге барды. Бас директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, доцент А.Б.Бекмағамбетов жүзеге асырылып жатқан ғылыми-техникалық бағдарламалар, жаңа ғылыми-ақпараттық басылымдар туралы шолу ақпарат берді, алдағы конференциялар, әсіресе KIOSH-2024 халықаралық Қазақстандық конференция-көрмесі туралы хабарлама жасады. Институттың биомониторинг және еңбек гигиенасы, экономикалық өлшемдер және статистика, сондай-ақ әлеуметтік-құқықтық зерттеулер бөлімдеріне экскурсия жасады.

Ғылыми-зерттеу тәжірибесінен өту магистранттарға өндірістік қауіпсіздікті шешудің жүйелі тәсілін игеруге, диссертацияларының тақырыптары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге, өз нәтижелерін алуға және түсіндіруге мүмкіндік берді.

Д.М.АКУБАЕВА, Н.С.БЕРГЕНЕВА, С.Т.КАЛДЫБАЕВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушылары

Әділ төрелік – қоғам талабы

Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарының басшыларымен кеңесте «Заң және Тәртіп» қағидатын ұстану қоғамның идеологиялық және саяси нұсқаулығына айналуы қажет екенін атап өтті. Президент: «Әділетті Қазақстан – Заң мен Тәртіп үстемдік құратын ел», – деді. Бұл – жаңа қоғамдық келісімнің іргетасында тұрған маңызды постулат. Барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігінің конституциялық қағидаты сақталмаған жерде әділетті мемлекет құру мүмкін емес. Бұл туралы Президент тағы да еске салды.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 8-бабында бекітілген тәуелсіз және бейтарап соттың істі әділ және жария талқылау құқығына Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында кепілдік берілген, онда: «әркімнің өзінің құқық субъектісін тануға құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар».

Бапта бекітілген тәуелсіз және бейтарап соттың әділ және жария тыңдау құқығы. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 8-бабында кепілдік берілген. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында: «Әркімнің өзінің заңды тұлғасын тануға құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға, оның ішінде қажетті қорғанысты алуға құқығы бар. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар».

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабына сәйкес азаматтық құқықтарды қорғауды сот, аралық сот немесе аралық сот: құқықтарды тану: құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру арқылы жүзеге асырады: құқықты бұзатын немесе оны бұзу қаупін тудыратын әрекеттердің жолын кесу: заттай міндеттеме беру; залалдарды, өсімпұлдарды өндіру; мәмілені жарамсыз деп тану; моральдық зиянды өтеу; құқықтық қатынастардың тоқтатылуы немесе өзгеруі; жарамсыз деп тану немесе не мемлекеттік органның немесе жергілікті өкілді немесе атқарушы органның заңнамаға сәйкес келмейтін актісін қолдануға жатпайды, сондай-ақ заңнамалық актілерде көзделген өзге де тәсілдермен жүзеге асырылады.

Сот жүйесі – тірі организм және ол әр-дайым жақсы жаққа өзгеруді қажет етеді. Әйтпесе, ол өмір шындығына және қоғамның сұраныстарына жауап беруін тоқтатады. Мұндай әрекетсіздіктің неге әкеп соғатынын біз тіпті, кейбір еуропалық елдерден де көре аламыз. Мемлекеттің дамуымен қатар сот жүйесіне қойылатын жаңа талаптар да өседі. Тарихи тұрғыдан сот билігі консервативті болып келеді. Бұл бізге ғана емес, бүкіл әлемге тән.

Қоғам сот жүйесін жетілдіруді талап етуін әділ түрде жалғастырады. Бірақ кез келген жүйеге жаңа институттарды енгізіп, нәтижесін көру үшін уақыт және көп еңбек қажет.

РАУАН МУТАИР